



ENVY

АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫС

HP ENVY¹⁷ Алғашқы жұмысы

© Copyright 2011 Hewlett-Packard Development Company, L.P.

AMD және AMD Catalyst Advanced Micro Devices, Inc. корпорациясының, ал Microsoft және Windows Microsoft корпорациясының АҚШ-та тіркелген сауда белгілері болып табылады. Bluetooth өз меншік иесінің сауда белгісі болып табылады және оны Hewlett-Packard компаниясы лицензия бойынша пайдаланады. Intel — Intel корпорациясының АҚШ-тағы және басқа елдердегі сауда белгісі. SD Logo — өз меншік иесінің сауда белгісі.

Осы құжатта берілген ақпарат ескертусіз өзгертіледі. HP өнімдері мен қызметтеріне кепілдік тек осындай өнімдермен және қызметтермен бірге келетін тікелей кепілдік мәлімдемелерінде беріледі. Осы құжаттағы ешқандай мәліметтер қосымша кепілдік деп түсінілмеуі тиіс. HP компаниясы осы құжаттағы техникалық немесе редакторлық қателерге, не болмаса қалып кеткен мәліметтер үшін жауапты емес.

Екінші басылым: қараша, 2011 ж.

Бірінші басылым: қараша, 2011 ж.

Құжат бөлігінің нөмірі 658378-DF2

Өнім ескертпесі

Бұл нұсқаулық көптеген модельдерге бірдей болатын мүмкіндіктерін сипаттайды. Кейбір мүмкіндіктер компьютеріңізде жұмыс істемеуі мүмкін.

Бағдарламалық құрал терминдері

Осы дербес компьютерде алдын ала орнатылған кез келген бағдарламалық құрал өнімін орнатсаңыз, көшірсеңіз, жүктеп алсаңыз немесе басқа жолмен пайдалансаңыз, HP Түпкі пайдаланушы лицензиялық келісіміне (EULA) бағынуға келісесіз. Егер сіз осы лицензиялық шарттармен келіспесеңіз, төленген қаражатты компьютерді сатқан орынның қаражат қайтару ережелеріне сәйкес қайтару үшін пайдаланбаған өнімді (жабдықты және бағдарламалық құралды) 14 күн ішінде сатушыға қайтару жалғыз шараңыз болып табылады.

Компьютер үшін төленген қаражатты толығымен қайтару туралы толық ақпаратты жергілікті сату нүктесінен (сатушыдан) алыңыз.

Пайдаланушы нұсқаулықтары

HR компаниясы өнімдерінің қоршаған ортаға әсерін азайту міндетін мойнына алады. Осыған байланысты пайдаланушы нұсқаулықтары мен үйретуші орталықтарды компьютердің қатты дискісіндегі Анықтама және қолдау орталығында орналастырылады. Пайдаланушы нұсқаулықтары үшін қосымша қолдау мен жаңартуларды веб-тораптан алуға болады.

Қауіпсіздік ескертпелері

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Күйік алу қатерін азайту және компьютерді қызып кетуден сақтау үшін, оны тізеге қоймаңыз немесе ауа желдеткішінің саңылауларын бітемеңіз. Компьютерді тек қатты және тегіс бетте пайдаланыңыз. Жақын жерде тұрған принтер сияқты қатты заттардың немесе жастық, кілем не киім сияқты жұмсақ заттардың ауа келу жолдарын бітеуіне жол бермеңіз. Компьютермен жұмыс істеу кезінде айнымалы ток адаптерінің дене немесе жастық, кілем немесе киім сияқты жұмсақ заттармен қатынасуына да жол бермеңіз. Компьютер мен айнымалы ток адаптері ақпараттық құралдар аумағында қолданылатын (IEC 60950) құрылғы қауіпсіздігі бойынша халықаралық стандарттармен анықталған пайдаланушыларға арналған шектелген бет температурасы талаптарына сәйкес болуы қажет.

Мазмұны

| | |
|---|-----------|
| 1 Қош келдіңіз | 1 |
| Қандай келесі қадам | 2 |
| Аудио | 2 |
| Дыбыс деңгейін күшейту деңгелегі | 2 |
| Beats Audio | 3 |
| Beats Audio басқару тақтасын ашу | 3 |
| Beats Audio қосу және өшіру | 4 |
| HP Wireless Audio | 5 |
| HP Wireless Audio Manager (HP Wireless Audio реттеушісі) | 5 |
| Бағдарламалық құралдың мазмұнын жаңарту (тек таңдаулы үлгілерде) | 6 |
| Сәулеленетін жарықтандырғышы бар пернетақта және жақындау сенсоры | 7 |
| HP CoolSense | 8 |
| Intel сымсыз дисплейі | 8 |
| Графикалық режимдерді ауыстырып қосу | 8 |
| AMD Eyefinity Multi-Display технологиясы | 9 |
| SLS үшін дисплейлер конфигурациясының мысалы | 10 |
| Экрандық суретті ауыстырып көрсету | 10 |
| AMD Catalyst Control Center мүмкіндігін пайдалану | 10 |
| Ақпаратты табу | 11 |
| 2 Компьютермен танысу | 14 |
| Жоғарғы жағы | 14 |
| Imagerpad | 14 |
| Шамдар | 15 |
| Түймешік пен үндеткіштер | 16 |
| Пернелер | 17 |
| Алдыңғы жағы | 18 |
| Оң жағы | 19 |
| Сол жағы | 21 |
| Дисплей | 22 |
| Түбіндегі | 23 |

| | |
|--|-----------|
| 3 Желі орнату | 24 |
| Интернет провайдерін (ISP) пайдалану | 25 |
| Сымсыз желіге қосылу | 25 |
| Бар WLAN желісіне қосылу | 26 |
| Жаңа WLAN желісін орнату | 26 |
| Сымсыз жол жоспарлағыш параметрлерін реттеу | 27 |
| WLAN жүйесін қорғау | 27 |
| 4 Пернетақта мен меңзегіш құрылғылар | 28 |
| Пернетақтаны пайдалану | 28 |
| Өрекет пернелерін пайдалану | 28 |
| Кірістірілген сандық пернетақтаны пайдалану | 30 |
| Меңзегіш құрылғыларды пайдалану | 31 |
| Меңзегіш құрылғылардың басым параметрлерін орнату | 31 |
| Imagerad пайдалану | 32 |
| Imagerad тақтасын өшіру немесе қосу | 32 |
| Шарлау | 33 |
| Таңдау | 33 |
| Imagerad қимылдарын пайдалану | 33 |
| Жылжу | 34 |
| Шымшу/Масштабтау | 34 |
| Айналдыру | 35 |
| Сызу | 35 |
| 5 Күтім | 36 |
| Зауытта пломба қойылған батарея | 36 |
| Қатты дискілерді ауыстыру немесе жаңарту | 37 |
| Негізгі қатты диск жетегін орнату және шығарып алу | 37 |
| Негізгі қатты дискіні шығарып алу | 37 |
| Негізгі қатты дискіні салу | 39 |
| Қосымша қатты дискіні шығарып алу және салу | 42 |
| Қосымша қатты дискіні шығарып алу | 42 |
| Қосымша қатты дискіні салу | 44 |
| Жад модулін қосу немесе ауыстыру | 47 |
| 6 Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру | 52 |
| Қалпына келтіру | 53 |
| Қалпына келтіру құралын жасау | 54 |
| Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру | 54 |

| | |
|---|-----------|
| Арнайы қалпына келтіру бөлімі арқылы қалпына келтіру (тек таңдаулы үлгілерде) | 55 |
| Қалпына келтіру құралынан қалпына келтіру | 56 |
| Компьютердің жүктелу тәртібін өзгерту | 56 |
| Мәліметтердің сақтық көшірмесін жасау және қалпына келтіру | 57 |
| Windows жүйесінің сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру мүмкіндігін пайдалану | 58 |
| Windows жүйесін бастапқы қалпына келтіру нүктелерін пайдалану | 58 |
| Бастапқы қалпына келтіру нүктелерін жасау уақыты | 58 |
| Жүйені қалпына келтіру нүктесін жасау | 59 |
| Алдыңғы күнге және уақытқа дейін қалпына келтіру | 59 |
| 7 Тұтынушыларды қолдау | 60 |
| Тұтынушыларға қолдау көрсету қызметімен байланысу | 60 |
| Жапсырмалар | 61 |
| 8 Техникалық сипаттамасы | 62 |
| Тұтынылатын қуат | 63 |
| Сыртқы HP қуат блогының тұрақты ток ашасы | 63 |
| Жұмыс ортасы | 64 |
| Индекс | 65 |

1 Қош келдіңіз

Осы тарауда мына бөлімдер тақырыптары қамтылған:

- [Қандай келесі қадам](#)
- [Ақпаратты табу](#)

Компьютерді орнатып теңшеуге кіріспес бұрын, айнымалы ток адаптерін компьютерге жалғап, сыртқы қуат көзіне қосыңыз. Сыртқы қуат көзіне қосылғаннан кейін, батереяны зарядтауды бастау үшін қуат түймешігін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Компьютер орнатылғаннан және тіркелгеннен кейін мына әрекеттерді жүзеге асыру маңызды:

1. Сымды немесе сымсыз желіні орнатыңыз. Толық ақпарат алу үшін [Желі орнату 24-бетте](#) бөлімін қараңыз.
2. Қалпына келтіру дискілерін немесе қалпына келтіру флэш-жадын жасаңыз. Нұсқауларды [Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру 52-бетте](#) атты бөлімнен қараңыз.
3. Компьютермен танысыңыз. [Компьютермен танысу 14-бетте](#) және [Пернетақта мен меңзегіш құрылғылар 28-бетте](#) бөлімдерінен қараңыз.
4. Компьютерге алдын ала жүктелген бағдарламалық құралдар тізімін көру үшін, **Пуск** (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) тармағын таңдаңыз.

Қандай келесі қадам

Аудио

Дыбыс деңгейін күшейту дөңгелегі

Стерео құрылғысы жабдықталған дөңгелек сияқты, кірістірілген дыбыс деңгейін күшейту дөңгелегі компьютердегі үндеткіштің дыбыс деңгейін реттейді.

- ▲ Үндеткіштің дыбыс деңгейін жоғарылату үшін дөңгелекті сағат тілімен бағыттас бұрыңыз.
—немесе—
- ▲ Үндеткіштің дыбыс деңгейін төмендету үшін дөңгелекті сағат тіліне қарсы бағытпен бұрыңыз.




Beats Audio

Beats Audio — таза дыбысты қолданған кезде, терең, басқарылатын төменгі дыбыс беретін жетілдірілген дыбыс функциясы.

Beats Audio басқару тақтасын ашу

Beats Audio басқару тақтасында дыбыс және төменгі дыбыс жиілігі параметрлерін көріп, қолмен басқаруға болады.

Beats Audio басқару тақтасын ашу үшін, мына әрекеттердің біреуін орындаңыз:

- ▲ Дыбыс деңгейін күшейту дөңгелегінің ортасындағы Beats Audio түймешігін  басыңыз.




—немесе—



- ▲ **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Оборудование и звук (Жабдық және дыбыс) > Панель управления Beats Audio (Beats Audio басқару тақтасы)** тармақтарын таңдаңыз.

Beats Audio қосу және өшіру

- ▲ Beats Audio қосу және өшіру үшін, **fn** пернесін **(1)** және **b** пернесін **(2)** басыңыз.




Beats Audio жылдам пернесі (**fn+b**) басылған кезде, экранда көрсетілетін Beats Audio белгішелері мына кестеде сипатталады.

| Белгіше | Мағынасы |
|---|----------------------|
|  | Beats Audio қосулы. |
|  | Beats Audio өшірулі. |

HP Wireless Audio

HP Wireless Audio құралы компьютер мен сымсыз байланыс арқылы жұмыс істейтін үндеткіштер немесе басқа дыбыс құрылғылары арасында дыбысты таратуға арналған үйіңіздегі сымсыз дыбыс жүйесін теңшеуге көмектеседі. Үйлесімді сымсыз дыбыс құрылғыларын үйіңіздегі дыбыс жүйесіне қосу үшін HP Wireless Audio құралын пайдаланыңыз.



ЕСКЕРІМ: HP Wireless Audio құралы KleeNet технологиясын пайдаланады және ол басқа сымсыз байланыс технологияларымен үйлесімсіз. Сымсыз дыбыс құрылғылары да HP Wireless Audio құралымен және KleeNet технологиясымен үйлесімді болуы тиіс. Үйлесімді сымсыз дыбыс құрылғыларын сатып алу үшін, <http://www.hp.com> веб-торабына өтіңіз немесе сізге жақын орналасқан дүкенге барыңыз.

HP Wireless Audio Manager (HP Wireless Audio реттеушісі)

HP Wireless Audio Manager (HP Wireless Audio реттеушісі) арқылы үйдегі дыбыс жүйесінің сымсыз құрылғыларын қосуға, жоюға, атын өзгертуге және топтауға болады.

ЕСКЕРІМ: HP Wireless Audio Manager (HP Wireless Audio реттеушісі) құралын бастамас бұрын, сымсыз құрылғы қосулы екеніне (f12 пернесінің сымсыз байланыс шамы ақ түспен жанғанына) көз жеткізіңіз.

HP Wireless Audio Manager (HP Wireless Audio реттеушісі) құралына кіру үшін, мына әрекеттердің біреуін орындаңыз:

- ▲ Тапсырма тақтасының оң жағында орналасқан хабарландыру аймағындағы **HP Wireless Audio** белгішесін тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Запустить менеджер** (Реттеушіні іске қосу) пәрменін таңдаңыз.

ЕСКЕРІМ: Егер сіз батареяның қызмет ету мерзімі туралы ойласаңыз, пайдаланылмаған кезде, HP Wireless Audio құралын өшіріңіз. Хабарландыру аймағындағы белгішені тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Отключить HP Wireless Audio** (HP Wireless Audio өшіру) пәрменін таңдаңыз. Бағдарламалық құралды қайта іске қосу үшін, хабарландыру аймағындағы белгішені тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Включить HP Wireless Audio** (HP Wireless Audio қосу) пәрменін таңдаңыз.

–немесе–

- ▲ **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Оборудование и звук (Жабдық және дыбыс) > HP Wireless Audio** тармақтарын таңдаңыз.



ЕСКЕРІМ: HP Wireless Audio туралы толық ақпарат алу үшін, бағдарламалық құралдың анықтамасын қараңыз.

Бағдарламалық құралдың мазмұнын жаңарту (тек таңдаулы үлгілерде)

Компьютер ұйқы күйінде болған кезде, Intel® Smart Connect технологиясы компьютердің ұйқы күйін тұрақты түрде өшіріп тұрады. Smart Connect көмегімен ашық тұрған бағдарламалардың кейбіреулерінің мазмұндарын жаңартып, ұйқы күйін қайта қосады. Нәтижесінде, ұйқы күйінен шыққаннан соң жұмысыңызға бірден кірісуге болады. Жаңарту файлдары жүктелгенше күтіп отыру қажет емес.

- ▲ Бұл мүмкіндікті қосуға немесе параметрлерді қолмен реттеуге Intel Smart Connect ашу үшін, **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Intel > Технология Intel Smart Connect (Intel Smart Connect технологиясы)** тармақтарын таңдаңыз.

Қосымша ақпарат алу және қолдау көрсетілетін бағдарламалардың тізімін көру үшін, бағдарламалық құралдың анықтамасын қараңыз.

Сәулеленетін жарықтандырғышы бар пернетақта және жақындау сенсоры


Зауытта қосылған сәулеленетін жарықтандырғышы бар пернетақта функциясы жақындау сенсоры технологиясын пайдалана отырып, сенсорлар пайдаланушының компьютерге жақындап келуін анықтаған кезде пернетақтаны автоматты түрде жарықтандырады. Зауытта қосылған жақындау сенсорлары пайдаланушының орналасқан жеріне байланысты сәулеленетін жарықтандырғышы бар пернетақта функциясын автоматты түрде қосады немесе өшіреді.

- ▲ Сәулеленетін жарықтандырғышы бар пернетақта функциясын өшіру немесе қосу үшін, **пернетақта жарықтандырғышы** әрекет пернесін (f5) басыңыз.



- ▲ Төмен, орта немесе жоғары жарықтық деңгейлерін ауыстырып қосу үшін, жоғары немесе төмен көрсеткі пернесі басылған кезде **пернетақта жарықтандырғышы** әрекет пернесін (f5) басып ұстап тұрыңыз.
- ▲ Жақындау сенсорларының параметрлерін өзгерту үшін **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > HP Proximity Sensor (HP жақындау сенсоры)** тармақтарын таңдаңыз.

HP CoolSense

HP CoolSense  компьютердің тұрақты бір орында тұрмағанын автоматты түрде анықтап, бет температурасын қажетті қолайлылық деңгейінде ұстап тұру үшін жұмыс пен желдеткіш параметрлерін реттей бастайды.


HP CoolSense функциясы өшірулі кезде, компьютердің тұрақты орында тұрмағаны анықталмайды, жұмыс пен желдеткіш параметрлері зауыттық күйде сақталады. Нәтижеде, HP CoolSense арқылы реттелетін деңгеймен салыстырғанда компьютердің бет температурасы жоғары болуы мүмкін.

HP CoolSense өшіру немесе қосу үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Жабдық және дыбыс) > **HP CoolSense** тармағын таңдаңыз.
2. **On** (Қосулы) немесе **Off** (Өшірулі) параметрін таңдаңыз.


Intel сымсыз дисплейі

Үшінші тарап өндірушінің сымсыз теледидар адаптерін (бөлек сатылады) пайдалана отырып, Intel сымсыз дисплейінде компьютер мазмұнын ТД экранынан көруге болады. Сымсыз адаптерді пайдалану туралы толық ақпарат алу үшін, құрылғы өндірушісінің нұсқауларын қараңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сымсыз дисплейді пайдаланбас бұрын, компьютердің сымсыз байланыс мүмкіндігі қосылып, компьютердің графика параметрі қуат үнемдейтін режимге орнатылған болуы тиіс.

Графикалық режимдерді ауыстырып қосу

Компьютерде ауыстырылатын графика мен графиканы өңдейтін екі режим бар. Айнымалы токтан батарея қуатына ауысқан кезде, компьютер жоғары өнімділік режимінен үнемдеу режиміне ауысуы мүмкін. Керісінше, батарея зарядынан айнымалы ток көзіне қосылған кезде, компьютер қайтадан жоғары өнімділік режиміне қосылуы мүмкін.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютердің жұмысын оңтайландыру үшін, жүйе режимдерді ауыстыруға рұқсат етпейді немесе ауысуды ұсынуы мүмкін. Ауысу алдында бағдарламалардың барлығын өшіру қажет болуы мүмкін.

Ауыспалы ток пен батарея қуатын ауыстырып қосқан кезде, компьютердің графикалық режимдерді ауыстыратыны туралы ескерту беріледі. Бірдей графикалық режимді пайдалануға немесе режимді ауыстыруға болады. Режимді ауыстыру параметрі таңдалса, экран бірнеше секундқа өшеді. Ауысқаннан кейін хабарландыру аумағында хабарлама беріліп, экрандағы сурет қайта пайда болады.

AMD Eyefinity Multi-Display технологиясы

Бұл компьютер келесі мүмкіндіктері бар жаңа AMD™ Eyefinity технологиясын қолдайды:

- Егер дисплейлердің біреуі компьютердегі Mini DisplayPort ағытпасына жалғанса, 3-ке дейін сыртқы дисплейді қосуға болады.



ЕСКЕРІМ: DisplayPort портына адаптерді жалғауға болмайды.


- Экрандағы кескінді 3 сыртқы дисплейде бір үлкен бейнеге (SLS) жинап көрсетуге болады.




ЕСКЕРІМ: Бұл әрекетті орындау кезінде компьютер дисплейі өшірулі.

SLS үшін дисплейлер конфигурациясының мысалы

Осы мысалда, 3 сыртқы дисплей компьютерге екі Mini DisplayPort порты және HDMI порты арқылы қосылған.

 **ЕСКЕРІМ:** Бір үлкен бейне көрсету үшін, сыртқы дисплейлердің ажыратымдылық параметрлері бірдей болуы тиіс. Осы талапқа сай болу үшін, параметрлерді қажетінше өзгертіңіз.




 **ЕСКЕРІМ:** Windows 7 жүйесі 2 сыртқы дисплейді ғана қолдайды. Windows 7 жүйесінде 3 сыртқы дисплей параметрлерін реттеу үшін [AMD Catalyst Control Center мүмкіндігін пайдалану 10-бетте](#) бөлімін қараңыз.

Экрандық суретті ауыстырып көрсету

Төрт конфигурацияның біреуін таңдауға мүмкіндік беретін тілқатысу терезесін ашу үшін, [экран кескінін ауыстыру пернесі](#) әрекет пернесін (**f4**) басыңыз.


- Компьютер ғана — сыртқы дисплейді өшіріп, кескінді компьютер дисплейінде ғана көрсетеді.
- Қайталама — компьютер дисплейіндегі кескіннің клонын компьютерге жалғанған сыртқы дисплейде көрсетеді.
- Кеңейту — экрандық кескінді компьютер дисплейі мен жалғанған барлық сыртқы дисплейлерде көрсетеді.
- Проектор ғана — компьютер дисплейін өшіріп, барлық қосулы дисплейлерінде кеңейтілген жұмыс үстелін көрсетеді.

 **ЕСКЕРІМ:** Бейне шығыс және әдепкі шығыс құрылғыларды басқару үшін AMD Catalyst™ Control Center мүмкіндігін пайдаланыңыз.

AMD Catalyst Control Center мүмкіндігін пайдалану

Дисплейлерді баптау және AMD Eyefinity құралын басқару үшін AMD Catalyst Control Center мүмкіндігін пайдалану қажет.

- ▲ AMD Catalyst Control Center ашу үшін, жұмыс үстелінде тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Свойства графики** (Графика сипаттары) пәрменін таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** AMD Catalyst Control Center мүмкіндігін пайдалану туралы қосымша ақпарат алу үшін, бағдарламалық құралдың анықтамасын қараңыз.

Ақпаратты табу

Түрлі тапсырмаларды орындауға көмектесетін бірнеше құрал компьютерде орнатылып келеді.

| Құралдар | Берілетін ақпарат |
|---|---|
| Компьютерді орнату нұсқаулары | <ul style="list-style-type: none">• Компьютердің жаңа мүмкіндіктері• Компьютер бөліктерін анықтау бойынша көмек |
| <i>Жұмысқа дайындық</i> | <ul style="list-style-type: none">• Компьютер сипаттары |
| Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін | <ul style="list-style-type: none">• Төмендегі әрекеттерді орындау үшін нұсқаулар:<ul style="list-style-type: none">◦ Сымсыз желіге қосылу◦ Пернетақтаны және меңзегіш құрылғыларды пайдалану◦ Қатты дискіні және жад модульдерін ауыстыру немесе жаңарту◦ Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіруді жүзеге асыру◦ Тұтынушыларға қолдау көрсету қызметімен байланысу• Компьютер сипаттамасы |
| Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > Документация HP (HP құжаттамасы) тармақтарын таңдаңыз. | |
| –немесе– | |
| Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Руководства пользователя (Пайдаланушы нұсқаулықтары) тармағын таңдаңыз. | |
| <i>HP ноутбугінің анықтамалық нұсқаулығы</i> | <ul style="list-style-type: none">• Қуатты басқару мүмкіндіктері• Төмендегі әрекеттерді орындау үшін нұсқаулар:<ul style="list-style-type: none">◦ Батареяның қызмет ету мерзімін ұзарту◦ Компьютердің мультимедиялық мүмкіндіктерін пайдалану◦ Компьютерді қорғау◦ Компьютер күтімі◦ Бағдарламалық құралды жаңарту |
| Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін | |
| Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > Документация HP (HP құжаттамасы) тармақтарын таңдаңыз. | |
| –немесе– | |
| Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Руководства пользователя (Пайдаланушы нұсқаулықтары) тармағын таңдаңыз. | |
| Анықтама және қолдау орталығы | <ul style="list-style-type: none">• Амалдық жүйе туралы ақпарат |
| Анықтама және қолдау орталығына кіру үшін, Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) тармағын таңдаңыз. | <ul style="list-style-type: none">• Бағдарламалық құрал, драйвер және BIOS жаңартулары• Ақаулықтарды жою құралдары• Тұтынушыларды қолдау қызметіне хабарласу нұсқаулары |
| ЕСКЕРІМ: Арнайы ел немесе аймақ қолдауы үшін http://www.hp.com/support , торабына кіріп, елді немесе аймақты таңдаңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. | |

| Құралдар | Берілетін ақпарат |
|---|---|
| <p><i>Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер</i></p> <p>Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін</p> <p>Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > Документация HP (HP құжаттамасы) тармақтарын таңдаңыз.</p> <p>–немесе–</p> <p>Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Руководства пользователя (Пайдаланушы нұсқаулықтары) тармағын таңдаңыз.</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Заңдық және қауіпсіздік ақпараты • Батареяларды қоқысқа тастау туралы ақпарат |
| <p><i>Қауіпсіз және қолайлы жұмыс жасау нұсқаулығы</i></p> <p>Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін</p> <p>Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > Документация HP (HP құжаттамасы) тармақтарын таңдаңыз.</p> <p>–немесе–</p> <p>Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Руководства пользователя (Пайдаланушы нұсқаулықтары) тармағын таңдаңыз.</p> <p>–немесе–</p> <p>http://www.hp.com/ergo веб-торабына өтіңіз.</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Жұмыс орнын реттеу • Ыңғайлылықты қамтамасыз ететін және жарақат алу қаупін азайтатын дене күйі мен жұмыс дағдыларының нұсқаулары • Электр және механикалық қауіпсіздік ақпараты |
| <p><i>Worldwide Telephone Numbers</i> (Әлемдік телефон нөмірлері) кітапшасы</p> <p>Бұл кітапша компьютермен қоса жеткізіледі.</p> | <p>HP тұтынушыларға қолдау көрсету қызметінің телефон нөмірлері</p> |
| <p>HP веб-торабы</p> <p>Осы веб-сайтты көру үшін, http://www.hp.com/support мекенжайы бойынша өтіңіз.</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Тұтынушыларға қолдау көрсету ақпараты • Бөлшектерге тапсырыс беру және қосымша анықтама алу • Бағдарламалық құрал, драйвер және BIOS жаңартулары • Компьютердің керек-жарақтары туралы ақпарат |

| Құралдар | Берілетін ақпарат |
|--|--------------------------------|
| <p><i>Шектеулі кепілдік*</i></p> <p>Кепілдікті қолдану:</p> <p>Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > Документация HP (HP құжаттамасы) > Просмотреть информацию о гарантии (Кепілдік туралы ақпаратты көру) тармақтарын таңдаңыз.</p> <p>–немесе–</p> <p>Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Руководства пользователя (Пайдаланушы нұсқаулықтары) тармағын таңдаңыз.</p> <p>–немесе–</p> <p>http://www.hp.com/go/orderdocuments веб-торабына өтіңіз.</p> | <p>Кепілдік туралы ақпарат</p> |
| <p>*Құрылғыға қатысты арнайы HP шектеулі кепілдігін компьютердегі және/немесе қорапта келген CD/DVD дискісіндегі пайдаланушы нұсқаулықтарының ішінен табуға болады. Кейбір елдерде/аймақтарда қорапта HP шектеулі кепілдігінің басылған нұсқасы беріледі. Кепілдік басылған пішімде ұсынылмаған елдерде/аймақтарда оның басылған көшірмесін http://www.hp.com/go/orderdocuments мекенжайы бойынша сұратуға болады немесе мына мекенжайға хат жіберіңіз:</p> <ul style="list-style-type: none"> ● Солтүстік Америкада: Hewlett Packard, MS POD, 11311 Chinden Blvd, Boise, ID 83714, АҚШ ● Еуропада, Таяу Шығыста, Африкада: Hewlett-Packard, POD, Via G. Di Vittorio, 9, 20063, Cernusco s/Naviglio (MI), Италия ● Азия-Тынық мұхит аймағында: Hewlett-Packard, POD, P.O. Box 200, Alexandra Post Office, Сингапур 911507 <p>Кепілдіктің басылған нұсқасына тапсырыс қойылғанда, өнім нөмірі мен кепілдік мерзімін (сериялық нөмірі бар жапсырмасында) және атыңыз бен пошталық мекенжайыңызды жазыңыз.</p> <p>МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ: HP өнімін жоғарыда берілген мекенжайға ҚАЙТАРМАҢЫЗ. Өнім үшін қолдауды http://www.hp.com/go/contactHP мекенжайындағы өнімнің бастапқы бетінен қараңыз.</p> | |


2 Компьютермен танысу

Төмендегі бөлімдер осы тарауда қамтылған:

- [Жоғарғы жағы](#)
- [Алдыңғы жағы](#)
- [Оң жағы](#)
- [Сол жағы](#)
- [Дисплей](#)
- [Түбіндегі](#)

Жоғарғы жағы


Imagerad




| Бөлік | Сипаттама |
|-----------------------------------|---|
| (1) Imagerad шамы | <ul style="list-style-type: none">• Сары: Imagerad өшірулі.• Өшірулі: Imagerad қосулы. |
| (2) Imagerad қосу/өшіру түймешігі | Imagerad өшіру немесе қосу үшін, осы түймешікті екі рет түртіп қалыңыз. |


| Бөлік | Сипаттама |
|--------------------------------|--|
| (3) Imagerad сол жақ түймешігі | Imagerad төменгі сол жақ бұрышы сыртқы тінтуірдің сол жақ түймешігінің функцияларын орындайды. |
| (4) Imagerad аймағы | Меңзерді жылжытады және экрандағы элементтерді тандайды немесе іске қосады. |
| (5) Imagerad оң жақ түймешігі | Imagerad төменгі оң жақ бұрышы сыртқы тінтуірдің оң жақ түймешігінің функцияларын орындайды. |





Шамдар




| Бөлік | Сипаттама |
|--|---|
| (1) Imagerad шамы | <ul style="list-style-type: none"> Сары: Imagerad өшірулі. Өшірулі: Imagerad қосулы. |
| (2) Caps lock шамы | <ul style="list-style-type: none"> Ақ: Caps lock қосулы. Өшірулі: Caps lock өшірулі. |
| (3)  Қуат шамы | <ul style="list-style-type: none"> Ақ: Компьютер қосулы. Ақ түсте жыпылықтау: Компьютер ұйқы күйінде. Өшірулі: Компьютер өшірулі немесе күту күйінде. |
| (4)  Сымсыз байланыс шамы | <ul style="list-style-type: none"> Ақ: Сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы сияқты ішіне орнатылған сымсыз құрылғы қосулы. Сары: барлық сымсыз құрылғылар өшірулі. |
| (5)  Дыбыс өшіру шамы | <ul style="list-style-type: none"> Сары: үндеткіш дыбысы өшірулі. Өшірулі: үндеткіш дыбысы қосулы. |



Түймешік пен үндеткіштер



| Бөлік | Сипаттама |
|--|---|
| <p>(1)  Қуат түймешігі</p> | <ul style="list-style-type: none"> • Компьютер өшірулі болғанда, компьютерді қосу үшін түймешікті басыңыз. • Компьютер қосұлы болғанда, ұйқы күйін қосу үшін түймешікті тез басып қалыңыз. • Компьютер ұйқы күйінде болғанда, ұйқы күйінен шығу үшін түймешікті тез басып қалыңыз. • Компьютер күту күйінде болған кезде, күту күйінен шығу үшін түймешікті тез басып қалыңыз. <p>Компьютер жауап беруді тоқтатса және Windows жүйесінің өшіру процедуралары көмектеспесе, компьютерді өшіру үшін қуат түймешігін кем дегенде 5 секунд басып тұрыңыз.</p> <p>Қуат параметрлері туралы толық ақпарат алу үшін, Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) > Параметры электропитания (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз немесе <i>Справочное руководство ноутбука HP</i> (HP ноутбүгі үшін анықтамалық нұсқаулықты) қараңыз.</p> |
| <p>(2)  Stereo үндеткіштер (2)</p> | <p>Beats Audio үндеткіштері көмегімен дыбыс шығарады.</p> |
| <p>(3)  Дыбысты өшіру түймешігі</p> | <p>Үндеткіш дыбысын өшіреді немесе қайта қосады.</p> |
| <p>(4)  Beats Audio түймешігі</p> | <p>Beats Audio басқару тақтасын ашып, дыбыс және төменгі дыбыс жиілігі параметрлерін көріп, қолмен басқаруға мүмкіндік береді..</p> <p>Beats Audio — таза дыбысты қолданған кезде, терең, басқарылатын төменгі дыбыс беретін жетілдірілген дыбыс функциясы.</p> <p>ЕСКЕРІМ: Сонымен қатар, Beats Audio басқару тақтасын Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Оборудование и звук (Жабдық және дыбыс) > Панель управления Beats Audio (Beats Audio басқару тақтасы) тармақтарын таңдау арқылы ашуға болады.</p> |

Пернелер



| Бөлік | Сипаттама |
|---|--|
| (1) esc пернесі | fn пернесімен бірге басылған кезде жүйе ақпараты көрсетіледі. |
| (2) fn пернесі | Мына функциялар орындайды: <ul style="list-style-type: none"> • Бұл перне esc пернесімен бірге басылған кезде, жүйе ақпараты көрсетіледі. • Бұл перне b пернесімен бірге басылған кезде, Beats Audio іске қосылады немесе өшіріледі. |
| (3)  Windows логотипті перне | Windows жүйесінің Пуск (Бастау) мәзірін көрсетеді. |
| (4) Өрекет пернелері | Жиі қолданылатын жүйелік функцияларды орындайды. |
| (5) b пернесі | fn пернесімен бірге басылған Beats Audio құралын қосады/өшіреді. |
| (6)  Windows қолданбалар пернесі | Меңзердің астындағы элементтер үшін төте мәзірін көрсетеді. |
| (7) Кірістірілген сандық пернетақта | Оны сыртқы сандық пернетақта сияқты пайдалануға болады. |
| (8) num lock пернесі | Кірістірілген сандық пернетақтаның жылжу және сандық функциялары арасында ауысады. ЕСКЕРІМ: Компьютер өшірілгенде белсенді болып тұрған пернетақта функциясы компьютер қайта қосылғанда қалпына келеді. |









Алдыңғы жағы




| Бөлік | Сипаттама |
|------------------------|--|
| Стереo үндеткіштер (4) | Beats Audio үндеткіштері көмегімен дыбыс шығарады. |


Оң жағы








| Бөлік | Сипаттама |
|--|--|
| (1)  Сандық медиа ұясы | <p>Келесі сандық карталар пішімдерін қолдайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> • MultiMediaCard • Secure Digital (SD) жад картасы • Сыйымдылығы жоғары қауіпсіз сандық жад картасы |
| (2)  Қатты диск шамы | <ul style="list-style-type: none"> • Ақ жарықпен жыпылықтап тұрғанда: қатты диск пайдаланылуда. • Сары: HP ProtectSmart қатты диск қорғанысы қатты дискіні уақытша бастапқы қалпына келтіреді. <p>ЕСКЕРІМ: HP ProtectSmart қатты диск қорғанысы туралы ақпаратты алу үшін, <i>HP ноутбугінің анықтамалық нұсқаулығын</i> қараңыз.</p> |
| (3)  Қуат шамы | <ul style="list-style-type: none"> • Ақ: компьютер қосулы. • Ақ жарықпен жыпылықтап тұрғанда: компьютер ұйқы күйінде. • Өшірулі: компьютер өшірулі немесе күту күйінде. |
| (4)  HDMI порты | Ажыратымдылығы жоғары теледидар немесе кез келген сыйысымды сандық не аудио компоненті, сондай-ақ жылдамдығы жоғары HDMI 1.4 құрылғысы сияқты қосымша бейне немесе дыбыс құрылғыларын қосады. |
| (5)  DisplayPort порттары (2) | Жоғары сапалы мониторлар немесе проекторлар секілді қосымша сандық дисплейлерін қосады. |
| (6)  USB 3.0 порты | <p>Қосымша USB 3.0 құрылғысын жалғауға арналған және USB арқылы қосылатын жақсартылған қуат өнімділігімен қамтамасыз етеді.</p> <p>ЕСКЕРІМ: Сонымен қатар, USB 3.0 порттары USB 1.0 және 2.0 құрылғыларымен үйлесімді.</p> |
| (7)  USB 2.0 порты | Қосымша USB құрылғысын жалғайды. |
| (8) Дыбыс деңгейін күшейту дөңгелегі | <p>Үндеткіш дыбыс деңгейін реттейді.</p> <p>Дыбыс деңгейін жоғарылату үшін дөңгелекті сағат тілімен бағыттас немесе дыбыс деңгейін төмендету үшін дөңгелекті сағат тіліне қарсы бағытта бұрыңыз.</p> |
| (9)  RJ-45 (желі) ұясы | Желілік кабелді қосады. |

| Бөлік | Сипаттама |
|--|---|
| (10) Айнымалы ток адаптерінің шамы | <ul style="list-style-type: none"> • Ақ: компьютер сыртқы қуат көзіне қосылған және батарея толық зарядталған. • Сары: компьютер сыртқы қуат көзіне қосылған және батарея зарядталуда. • Сары түсте жыпылықтап тұрғанда: Компьютер сыртқы қуат көзіне қосулы және батарея ақаулығы анықталды немесе батарея төмен немесе өте төмен заряд деңгейіне жетті. • Өшірулі: компьютер батарея қуатымен жұмыс атқаруда. |
| (11)  Қуат коннекторы | Айнымалы ток адаптеріне қосылады. |

Сол жағы



| Бөлік | Сипаттама |
|---|---|
| (1)  | Оптикалық диск жетегі Сипаттама Оптикалық дискіні оқиды және жазады. ЕСКЕРТУ: Компьютерді зақымдау қатерін азайту үшін, диск жетегіне кіші оптикалық дискілерді (диаметрі 8 см) салмаңыз. |
| (2)  | USB 3.0 порттары (2) Сипаттама Қосымша USB 3.0 құрылғыларын жалғауға арналған және USB арқылы қосылатын жақсартылған қуат өнімділігімен қамтамасыз етеді. ЕСКЕРІМ: Сонымен қатар, USB 3.0 порттары USB 1.0 және 2.0 құрылғыларымен үйлесімді. |
| (3)  | Аудио кіріс (микрофон) ұясы Сипаттама Қосымша компьютердің гарнитура микрофонын, стереомикрофонды немесе моно микрофонды қосады. |
| (4)  | Аудио шығыс (гарнитура) ұялары (2) Сипаттама Қосымша токқа қосылатын стерео үндеткіштерге, гарнитураларға, тығын тәріздес құлақаспаптарға, құлақаспаптарға немесе теледидардың аудио құрылғысына қосылғанда дыбыс шығарады. АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Жарақаттану қаупін азайту үшін, гарнитураларды және құлақаспаптарды киер алдында, дыбыс деңгейін реттеңіз. Қосымша қауіпсіздік ақпаратын <i>Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелерден</i> қараңыз. ЕСКЕРІМ: Құрылғы ұялардың біреуіне қосылған кезде, компьютер үндеткіштері ажыратылады. |
| (5)  | Қауіпсіздік кабелінің ұясы Сипаттама Қосымша қауіпсіздік кабелін компьютерге жалғайды. ЕСКЕРІМ: Қауіпсіздік кабелі сақтандырғыш құрал ретінде әрекет ету үшін жасалған, бірақ ол компьютерге күтімсіз қараудан немесе оны ұрланудан қорғай алмауы мүмкін. |


Дисплей




| Бөлік | Сипаттама |
|--|---|
| (1) WLAN антенналары (2)* | Екі кірістірілген антенна арқылы жергілікті сымсыз жол жоспарлағышына немесе концентраторға желі сигналдарын жібереді және алады. |
| (2) Жақындау сенсорлары (2) | Пайдаланушының компьютерге жақындап келуін анықтап, пайдаланушы мен компьютердің арасындағы қашықтыққа байланысты сәулеленетін жарықтандырғышы бар пернетақта функциясын автоматты түрде қосады немесе өшіреді. |
| (3) Ішкі микрофондар (2) | Арнайы бағдарламалар көмегімен кірістірілген микрофондар арқылы дыбыс жазады. Микрофондар қоршаған шу деңгейін азайту және жаңғырықты басу үшін дыбыс сапасын автоматты түрде жақсартады. |
| (4) Веб-камера шамы | Веб-камера қосулы кезде жанады. |
| (5) HP TrueVision ажыратымдылығы жоғары веб-камерасы | Бейнені жазады және суреттерді түсіреді. Веб-камераны пайдалану үшін, Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > CyberLink > CyberLink YouCam тармақтарын таңдаңыз. |
| (6) Ішкі дисплей қосқышы | Дисплейді өшіреді және егер дисплей қуат қосулы кезде жабылған болса, ұйқы күйін қосады. ЕСКЕРІМ: Ішкі дисплей қосқышы компьютердің сыртынан көрінбейді. |

*Бұл антенналар және инфрақызыл сәуле шығарғыштар компьютердің сыртынан көрінбейді. Жақсы таратылым үшін антенналар және инфрақызыл сәуле шығарғыштардың айналасындағы аймақтарды тез арада кедергілерден тазалаңыз. Сымсыз байланыс ережелері туралы ескертпелерді көру үшін, мемлекетіңізде немесе аймағыңызда қолданылатын *Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер* бөлімін қараңыз. Бұл ескертпелер анықтама және қолдау орталықтарында орналасқан.

Түбіндегі



| Бөлік | Сипаттама |
|-------|---|
| (1) | Қатты диск қақпағы Қатты диск жетектеріне кіруге мүмкіндік береді. |
| (2) | Желдеткіштер (5) Ішкі бөліктерді салқындату үшін ауа ағынын қамтамасыз етеді. ЕСКЕРІМ: Компьютер желдеткіші ішкі бөліктерді салқындату үшін және қызып кетуден қорғау үшін автоматты түрде қосылады. Жұмыс істеу барысында ішкі желдеткіш қосылады да, өшіріледі. Бұл қалыпты құбылыс. |
| (3) | Босату ысырмасы Қатты диск қақпағын орнынан босатады. |
| (4) |  Қызмет көрсету орнының есігі Жад модулі ұяларына кіруге мүмкіндік береді. |
| (5) | HP Triple Bass Reflex сабвуфері Жоғары сапалы бас дыбысын шығарады. |

3 Желі орнату

- [Интернет провайдерін \(ISP\) пайдалану](#)
- [Сымсыз желіге қосылу](#)




ЕСКЕРІМ: Интернетке қосылуға арналған жабдық пен бағдарламалық құрал компьютер үлгісіне және құрылғы орналасқан жерге байланысты әртүрлі болады.

Компьютер Интернетке қосылудың келесі түрлерінің біреуін немесе екеуін де қолдауы мүмкін:

- Сымсыз байланыс — Интернетке мобильді қосылу үшін сымсыз байланысты пайдалануға болады. [Бар WLAN желісіне қосылу 26-бетте](#) немесе [Жаңа WLAN желісін орнату 26-бетте](#) бөлімінен қараңыз.
- Сымды — Интернетке сымды желіге қосылып кіруге болады. Сымды желіге қосылу туралы ақпаратты *HP ноутбугінің анықтамалық нұсқаулығынан* қараңыз.

Интернет провайдерін (ISP) пайдалану


Интернетке қосылмас бұрын Интернет провайдерінің есептік жазбасын орнату қажет. Интернет қызметі мен модем сатып алу үшін, жергілікті Интернет провайдерімен хабарласыңыз. Интернет провайдері модем параметрлерін реттеуге, сымсыз компьютерді модемге қосу үшін желі кабелін орнатуға және Интернет қызметін тексеруге көмектеседі.

 **ЕСКЕРІМ:** Интернет қызметтері провайдері Интернетке кіру үшін пайдаланушы идентификаторы мен құпия сөз береді. Берілген мәліметтерді жазып алыңыз да, қауіпсіз жерде сақтаңыз.

Жаңа Интернет жазбасын орнату немесе компьютердің параметрлерін бар жазбаны пайдаланатын реттеу үшін көмектесетін мынадай мүмкіндіктер бар:

- **Қызмет провайдері берген белгішелер (кейбір жерлерде ғана қолданылады)** — бұл белгішелер Windows жұмыс үстелінде жеке-жеке көрсетіледі. Компьютерде жаңа Интернет жазбасын орнату немесе компьютерді бар жазбаны пайдаланатын етіп реттеу үшін белгішені екі рет басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- **Windows жүйесінің Интернетке қосылу шебері** — Windows жүйесінің Интернетке қосылу шеберін Интернетке төмендегі жағдайлардың кез келгенінде қосылу үшін пайдалануға болады:
 - Интернет провайдерінде тіркелген есептік жазбаңыз бар болған жағдайда.
 - Интернет есептік жазбасы болмаған және Интернет провайдері шебердегі тізімнен таңдағыңыз келген жағдайда. (Интернет провайдерлерінің тізімі барлық аймақтарда бола бермейді).
 - Тізімде жоқ Интернет провайдері таңдалған жағдайда және таңдалған Интернет провайдері IP мекенжайы, сондай-ақ POP3 және SMTP параметрлері сияқты қажетті ақпарат берген жағдайда.

Windows Интернетке қосылу шебері мен шеберді пайдалануға арналған нұсқауларды ашу үшін, **Пуск (Бастау) > Панель Управления (Басқару тақтасы) > Сеть и Интернет (Желі және Интернет) > Центр управления сетями и общим доступом (Желілер мен ортақ пайдалануды басқару орталығы) > Настройка нового подключения или сети (Жаңа қосылым немесе желіні орнату)** тармақтарын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Шебер Windows желіаралық қалқанын қосу немесе ажыратуды таңдауыңызды сұраса, желіаралық қалқанды қосу пәрменін таңдаңыз.

Сымсыз желіге қосылу

Сымсыз технология деректерді сым арқылы емес, радио толқындары арқылы тасымалдайды. Компьютер келесі сымсыз құрылғылардың біреуі немесе бірнешеуімен жабдықталған болуы мүмкін:

- Сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы
- HP Мобильді кең ауқымды модулі, сымсыз аймақтық желі (WWAN) құрылғысы
- Bluetooth® құрылғысы

Сымсыз байланыс технологиясы туралы және сымсыз желіге қосылу туралы қосымша ақпарат алу үшін *HP ноутбугінің анықтамалық нұсқаулығынан*, анықтама және қолдау орталығындағы веб-тораптар сілтемелерінен және берілген мәліметтерден қараңыз.

Бар WLAN желісіне қосылу

1. Компьютерді қосыңыз.
2. WLAN құрылғысының қосұлы екендігіне көз жеткізіңіз.
3. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында желі белгішесін басыңыз.
4. Қажет желіні таңдаңыз.
5. **Подключиться** (Қосылу) түймешігін басыңыз.
6. Егер қажет болса, қауіпсіздік кілтін енгізіңіз.

Жаңа WLAN желісін орнату

Қажетті жабдықтар:

- Кең жолақты модем (DSL немесе кабельді) **(1)** және Интернет провайдерінен (ISP) сатып алынған жоғары жылдамдықты Интернет қызметі
- Сымсыз жол жоспарлағыш (бөлек сатылады) **(2)**
- Жаңа сымсыз компьютер **(3)**



ЕСКЕРІМ: Кейбір модемдердің ішіне жол жоспарлағышы орнатылады. Интернет провайдерінен модем түрінің қайсысын пайдаланатындығын сұраңыз.


Суретте Интернетке қосылған дайын WLAN сымсыз желісінің орнатымы мысалға келтірілген. Желі кеңейген сайын, Интернетке кіру үшін желіге қосымша сымсыз және сымды компьютерлерді қосуға болады.



Сымсыз жол жоспарлағыш параметрлерін реттеу

WLAN желісін орнату бойынша көмек керек болса, жол жоспарлағыштың өндірушісі немесе интернет қызметінің провайдері (ISP) берген ақпаратты қараңыз.

Windows амалдық жүйесінде жаңа сымсыз желіні орнатуға көмектесетін құралдар бар. Желі параметрлерін орнату мақсатында Windows құралдарын пайдалану үшін, **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Сеть и Интернет (Желі және Интернет) > Центр управления сетями и общим доступом (Желілер мен ортақ пайдалану орталығы) > Создание и настройка нового подключения или сети (Жаңа байланыс немесе желі орнату) > Создание и настройка новой сети (Жаңа желі орнату)** тармағын таңдаңыз. Одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Жаңа сымсыз компьютеріңізді жол жоспарлағышына онымен қамтамасыз етілген желілік кабель арқылы бастапқыда қосу ұсынылады. Компьютер Интернетке сәтті қосылғаннан кейін кабельді ажыратып, Интернетке сымсыз желі арқылы кіруге болады.

WLAN жүйесін қорғау

WLAN құрылғысын орнатқан немесе бар WLAN желісіне кірген кезде, әрқашан рұқсатсыз кіруден желіні қорғау үшін қауіпсіздік мүмкіндіктерін қосыңыз.

WLAN желісін қорғау туралы қосымша ақпаратты *HP ноутбугінің анықтамалық нұсқаулығынан* қараңыз.

4 Пернетақта мен меңзегіш құрылғылар

Төмендегі бөлімдер осы тарауда қамтылған:

- [Пернетақтаны пайдалану](#)
- [Меңзегіш құрылғыларды пайдалану](#)

Пернетақтаны пайдалану

Әрекет пернелерін пайдалану

Әрекет пернелері пернетақтаның үстіңгі жағындағы пернелерге тағайындалған арнайы әрекеттерді орындау үшін қолданылады.









f1 мен **f4** аралығындағы және **f6** мен **f12** аралығындағы пернелер әрекет пернелерінің функцияларын білдіреді. Әрекет пернесінің функциясын пайдалану үшін, пернені басып тұрыңыз.

Әрекет перне функциясын өшіруге және стандартты параметрлерге қайта келтіруге болады. Стандартты параметрлерді пайдалану кезінде, тағайындалған мүмкіндікті қолдану үшін **fn** пернесі мен функционалдық пернелердің біреуін басыңыз. Әрекет перненің функциясын өшіру нұсқауларын *HP ноутбугінің анықтамалық нұсқаулығындағы* «Setup Utility (BIOS) және System Diagnostics» тарауынан қараңыз.


⚠ ЕСКЕРТУ: Өзгертулер енгізгенде, мұқият болыңыз. Қателер компьютердің жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.



| Белгіш | Перне | Сипаттама |
|--------|-------|--|
| e | | |
| ? | f1 | Windows амалдық жүйесі мен компьютер, сұрақтарға жауаптар, оқулықтар мен компьютер үшін жаңартулар туралы ақпаратты қамтитын анықтама және қолдау орталығын ашады. Сонымен қатар, анықтама және қолдау орталығы ақаулықтарды автоматты жою қызметін және қолдау көрсетуші мамандармен хабарласу сілтемелерін ұсынады. |
| ☀ | f2 | Экран жарықтығының деңгейін төмендетеді. |


| Белгіше | Перне | Сипаттама |
|---|-------|---|
|  | f3 | Экран жарықтығының деңгейін ұлғайтады. |
|  | f4 | Компьютерге қосылған дисплей құрылғыларының арасында экран кескінін ауыстырып қосу үшін, мына мүмкіндіктер бар: <ul style="list-style-type: none"> • Компьютер ғана — сыртқы дисплейді өшіріп, кескінді компьютер дисплейінде ғана көрсетеді. • Қайталама — компьютер дисплейіндегі кескіннің клонын компьютерге жалғанған сыртқы дисплейде көрсетеді. • Кеңейту — экрандық кескінді компьютер дисплейі мен жалғанған барлық сыртқы дисплейлерде көрсетеді. • Проектор ғана — компьютер дисплейін өшіріп, барлық қосулы дисплейлерінде кеңейтілген жұмыс үстелін көрсетеді. |
|  | f5 | Сәулеленетін жарықтандырғышы бар пернетақта функциясын өшіреді немесе қосады. ЕСКЕРІМ: Бұл мүмкіндікті батарея зарядын үнемдеу үшін өшіріңіз. Төмен, орта немесе жоғары жарықтық деңгейлерін ауыстырып қосу үшін, жоғары немесе төмен көрсеткі пернесі басылған кезде пернетақта жарықтандырғышы әрекет пернесін (f5) басып ұстап тұрыңыз. |
|  | f6 | Аудио ықшам дискідегі алдыңғы жолды немесе DVD немесе BD дискісіндегі алдыңғы бөлімді ойнатады. |
|  | f7 | Ықшам дискіні, DVD немесе BD дискісін ойнатады, уақытша тоқтатады немесе жалғастырады. |
|  | f8 | Аудио ықшам дискідегі келесі жолды, ал DVD немесе BD дискілерінде келесі бөлімді ойнатады. |
|  | f10 | Оптикалық дискіні оптикалық диск жетегінен шығарады. |
|  | f12 | Сымсыз желі, сымсыз дисплей мен сымсыз дыбыс жүйесін қоса, сымсыз құрылғылардың барлығын өшіреді. ЕСКЕРІМ: Бұл перне сымсыз қосылысты орнатпайды. Сымсыз қосылысты орнату үшін сымсыз желі де орнатылуы қажет. |

Кірістірілген сандық пернетақтаны пайдалану



| Бөлік | Сипаттама |
|--------------------------------------|--|
| (1) num lock пернесі | Кірістірілген сандық пернетақтада жылжу мүмкіндігі және сандық функциялар арасында ауысады. ЕСКЕРІМ: Компьютер өшірілгенде белсенді болып тұрған пернетақта функциясы компьютер қайта қосылғанда қалпына келеді. |
| (2) Кірістірілген сандық пернетақта | Оны сыртқы сандық пернетақта сияқты пайдалануға болады. |

Меңзегіш құрылғыларды пайдалану

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютермен бірге жеткізілетін меңзегіш құрылғылармен қоса, сыртқы USB тінтуірін оны компьютердегі USB порттарының біреуіне жалғау арқылы пайдалануға болады.

Меңзегіш құрылғылардың басым параметрлерін орнату

Түймешік теңшелімі, басу жылдамдығы және меңзер параметрлері сияқты меңзегіш құрылғыларына арналған параметрлерді теңшеу үшін, Windows жүйесіндегі тінтуір параметрлерін қолданыңыз.

Тінтуір сипаттарына кіру үшін, **Пуск (Бастау) > Устройства и принтеры** (Құрылғылар мен принтерлер) тармағын таңдаңыз. Одан кейін, компьютеріңіз болып келетін құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Настройки мыши** (Тінтуір параметрлері) пәрменін таңдаңыз.

Imagerad пайдалану


Жетілдірілген Imagerad тақтасы дәлдігі жоғары қимылдарды қамтамасыз ететін тінтуір альтернативасы болып табылатын әдеттегі сенсорлық тақтаның орнына ауысады. Меңзерді басқа жерге жылжыту үшін, саусағыңызды Imagerad тақтасының беті арқылы қалаған бағытқа жылжытыңыз. Imagerad тақтасының сол және оң жақ түймешіктері сыртқы тінтуірдің сәйкес түймешіктері сияқты пайдаланылады.

Imagerad тақтасын өшіру немесе қосу

Imagerad тақтасын өшіру немесе қосу үшін, Imagerad тақтасын қосу/өшіру түймешігін екі рет жылдам түртіңіз.



ЕСКЕРІМ: Imagerad тақтасының шамы тақта қосұлы болғанда өшірулі.




Imagerad шамы және экрандағы дисплей белгішелері Imagerad күйін көрсетеді.

| Imagerad шамы | Белгіше | Сипаттама |
|---------------|---------|--|
| Сары | | Imagerad тақтасының өшірілгенін көрсетеді. |
| Өшірулі | | Imagerad тақтасының қосылғанын көрсетеді. |


Шарлау

Меңзерді басқа жерге жылжыту үшін, саусағыңызды Imagerad тақтасының беті арқылы қалаған бағытқа жылжытыңыз.




Таңдау

Imagerad тақтасының сол және оң жақ түймешіктері сыртқы тінтуірдің сәйкес түймешіктері сияқты пайдаланылады.



Imagerad қимылдарын пайдалану

Imagerad тақтасы бірқатар қимылдарды қолдайды. Imagerad тақтасы қимылдарын пайдалану үшін Imagerad тақтасына екі саусақты бір уақытта орналастырыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Imagerad тақтасы қимылдарына компьютердегі бағдарламалардың барлығында қолдау көрсетіле бермейді.

Қимылдың көрсетілімін көру үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз:


1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Жабдық және дыбыс) > **Synaptics ClickPad** тармағын таңдаңыз.
2. Көрсетілімді бастау үшін, қимылды басыңыз.

Қимылдарды қосу және ажырату үшін, мына әрекеттер орындаңыз:


1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Жабдық және дыбыс) > **Synaptics ClickPad** тармағын таңдаңыз.
2. Қосылатын немесе өшірілетін қимылдың жанына құсбелгі қойыңыз.
3. **Применить** (Қолдану) түймешігін, одан кейін **ОК** түймешігін басыңыз.

Жылжу

Жылжу қимылы бетте немесе суретте жоғары, төмен қарай немесе көлденең жылжу кезінде қажет әрекет. Жылжыту үшін екі Imagerad тақтасының үстіне бөлек қойып, оларды сенсорлы тақта арқылы жоғары, төмен, сол немесе оң жаққа қарай апарыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Жылжу жылдамдығы саусақ жылдамдығы арқылы басқарылады.


 **ЕСКЕРІМ:** Жылжу қимылы зауытта қосылған.



Шымшу/Масштабтау

Шымшу суреттерді немесе мәтінді үлкейтуге не кішірейтуге мүмкіндік береді.


- Ұлғайту үшін, екі саусақты Imagerad тақтасына бірге қойып, олардың арасын ашыңыз.
- Кішірейту үшін, екі саусақты Imagerad тақтасына арасын алшақ қойып, одан кейін олардың арасын жақындатыңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Шымшу/масштабтау мүмкіндігі зауытта қосылады.



Айналдыру

Айналдыру мүмкіндігі фотосурет және беттер сияқты элементтерді айналдыруға мүмкіндік береді. Екі саусақты Imagerad тақтасына арасын алшақ қойып, одан кейін оларды жақындатпай шеңбер бойынша жылжытыңыз. Шеңбер бойынша сол жаққа жылжу нысанды солға айналдырады; шеңбер бойынша оң жаққа жылжу нысанды оңға айналдырады.

 **ЕСКЕРІМ:** Айналдыру мүмкіндігі зауытта іске қосылады.





Сызу

Сызу қимылы мына әрекеттерді жылдам орындауға мүмкіндік береді:

- Интернетке жылдам шығу.
- Фотосуреттерді көру құралында фотосуреттерді қарап шығу.
- Экрандар арасында ауысу.
- Құжаттарды қарап шығу.
- Фотосуреттерді көру құралының слайд көрмелері режиміне кіру немесе шығу.

Сызу үшін, үш саусақты пайдаланып, Imagerad тақтасында жоғары, төмен, сол жаққа немесе оң жаққа тез сызыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Үш саусақпен сызу мүмкіндігі зауытта іске қосылады.




5 Күтім

Төмендегі бөлімдер осы тарауда қамтылған:

- [Зауытта пломба қойылған батарея](#)
- [Қатты дискілерді ауыстыру немесе жаңарту](#)
- [Жад модулін қосу немесе ауыстыру](#)

Зауытта пломба қойылған батарея

 **МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Зауытта пломба қойылып алдын ала орнатылған компьютер батареясын ауыстырмаңыз. Батареяның пломбасы зақымдалған болса, кепілдік күші тоқталады.

Компьютердің ішіндегі қайта зарядталатын батареяны өкілетті қызмет провайдері ауыстыруы қажет. Батареяны жақсы жағдайында сақтау туралы ақпаратты *HP ноутбугінің анықтамалық нұсқаулығындағы* «Батарея қуатын пайдалану» тарауынан қараңыз. Бұл нұсқаулықты пайдалану үшін, **Пуск** (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) > **HP > Документация HP** (HP құжаттамасы) тармақтарын таңдаңыз. Батарея күйін немесе батареяның зарядын ұстайтынын тексеру үшін, Анықтама және қолдау орталығының Батареяны тексеру бөлімін қараңыз. Егер компьютер батареясын ауыстыру қажет болса, тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз.

Қатты дискілерді ауыстыру немесе жаңарту

⚠ ЕСКЕРТУ: Мәліметтердің жоғалуын немесе жауапсыз жүйені болдырмау қатерін азайту үшін

Қатты диск жетегін қатты диск ұясынан шығару алдында, компьютерді өшіріңіз.

Компьютердің өшірілген күйде, ұйқы күйінде немесе күту күйінде екені туралы сенімді болмасаңыз, қуат түймешігін басып, компьютерді амалдық жүйе арқылы өшіріңіз.

📝 ЕСКЕРІМ: Кейбір компьютер үлгілері үш дискіні (екі қатты диск және бір қатты күйдегі диск (SSD)) қолдай алады. Компьютерге орнатылған дискілердің саны мен түрін анықтау үшін, **Пуск** (Бастау) түймешігін басып, **Компьютер** қойыншасын тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқып, **Управление** (Басқару) пәрменін таңдаңыз, одан кейін **Управление дисками** (Дискілерді басқару) тармағын басыңыз.

📝 ЕСКЕРІМ: Қатты дискіні ауыстыру кезінде, оның ұстағышы мен қақпағын сақтағаныңызға көз жеткізіңіз. Бұл бөлшектер жаңа қатты дискіні орнатуға қажет болуы мүмкін.

Негізгі қатты диск жетегін орнату және шығарып алу


Негізгі қатты дискіні шығарып алу

1. Жұмысыңызды сақтап, компьютерді өшіріңіз.
2. Компьютерге жалғанған сыртқы құрылғылардың барлығын ажыратыңыз.
3. Компьютерді сыртқы қуат көзінен ажыратыңыз.
4. Босату ысырмасын **(1)** сырғытып, қатты диск қақпағын **(2)** алып тастаңыз.




5. Қызмет көрсету орнының есігін алу
 - а. Қызмет көрсету орны есігінің 6 бұрандасын **(1)** алыңыз.

ә. Есікті (2) алып тастаңыз.




6. Батарея кабелін компьютерден ажыратыңыз.



7. Қатты диск кабелін (1) компьютерден ажыратыңыз.

8. Пластмассадан жасалған қапқакты (2) артқа тартыңыз.


9. Қатты дискінің 4 бұрандасын (3) алып, қатты дискіні (4) орнынан көтеріп шығарыңыз.




Негізгі қатты дискіні салу

1. Қатты дискіні (1) қатты диск ұясына салып, одан кейін қатты дискінің 4 бұрандасын (2) орындарына салыңыз.
2. Қатты диск кабелін (3) компьютерге жалғаңыз.

3. Пластмассадан жасалған қақпақты (4) орнына салыңыз.




4. Батарея кабелін компьютерге жалғаңыз.




5. Қызмет көрсету орнының есігіндегі бұранда тесіктерін компьютердегі тесіктермен тураңыз, одан кейін есікті (1) компьютерге салыңыз.

6. Қызмет көрсету орнының есігінің 6 бұрандасын (2) орындарына салыңыз.



7. Қатты диск қақпағындағы ілгектерді компьютердегі ойықтарға туралап, қақпақты сырғытып жабыңыз. Босату ысырмасы қақпақты оның орнына автоматты түрде орналастырады.



8. Сыртқы электр қуатын және сыртқы құрылғыларды қайта қосыңыз.
9. Компьютерді қосыңыз.

Қосымша қатты дискіні шығарып алу және салу


Қосымша қатты дискіні шығарып алу

1. Жұмысыңызды сақтап, компьютерді өшіріңіз.
2. Компьютерге жалғанған сыртқы құрылғылардың барлығын ажыратыңыз.
3. Компьютерді сыртқы қуат көзінен ажыратыңыз.
4. Босату ысырмасын **(1)** сырғытып, қатты диск қақпағын **(2)** алып тастаңыз.




5. Қызмет көрсету орнының есігін алыңыз.
 - a. Қызмет көрсету орны есігінің 6 бұрандасын **(1)** алыңыз.

ө. Есікті (2) алып тастаңыз.




6. Батарея кабелін компьютерден ажыратыңыз.



7. Қатты диск кабелін (1) компьютерден ажыратыңыз.

8. Пластмассадан жасалған қақпақты (2) артқа тартыңыз.


9. Қатты дискінің 4 бұрандасын (3) алып, қатты дискіні (4) орнынан көтеріп шығарыңыз.




Қосымша қатты дискіні салу

1. Қатты дискіні (1) қатты диск ұясына салып, одан кейін қатты дискінің 4 бұрандасын (2) орындарына салыңыз.
2. Қатты диск кабелін (3) компьютерге жалғаңыз.

3. Пластмассадан жасалған қақпақты (4) қатты диск үстіне салыңыз.




4. Батарея кабелін компьютерге жалғаңыз.




5. Қызмет көрсету орнының есігіндегі бұранда тесіктерін компьютердегі тесіктермен туралаңыз, одан кейін есікті (1) компьютерге салыңыз.

6. Қызмет көрсету орнының есігінің 6 бұрандасын (2) орындарына салыңыз.



7. Қатты диск қаппағындағы ілгектерді компьютердегі ойықтарға туралап, қаппақты сырғытып жабыңыз. Босату ысырмасы қаппақты оның орнына автоматты түрде орналастырады.



8. Сыртқы электр қуатын және сыртқы құрылғыларды қайта қосыңыз.
9. Компьютерді қосыңыз.

Жад модулін қосу немесе ауыстыру

Компьютерде екі жад модулінің ұясы бар. Олар компьютер түбіндегі қызмет көрсету орнының есігінің астында орналасады. Компьютердің жад сыйымдылығын жад модулін қосу немесе жад модулі ұяларының біреуінде жад модулін ауыстыру арқылы жаңартуға болады.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Ток ұру немесе жабдықтың зақымдалу қатерін азайту үшін, жад модулін орнатпас бұрын, қуат сымын ажыратыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ: Электростатикалық ток соғу (ESD) электроникалық бөліктерді зақымдауы мүмкін. Қандай да бір іс ретін бастамастан бұрын, жерге орнатылған нысанды түрту арқылы бойыңызда тұрақты электр тогының жоқтығын тексеріңіз.

📝 ЕСКЕРІМ: Екінші жад модулін қосқанда, қос арна конфигурациясын пайдалану үшін, екі жад модулінің бірдей екенін тексеріңіз.

Жад модулін қосу немесе ауыстыру үшін

⚠ ЕСКЕРТУ: Мәліметтердің жоғалуын немесе жауапсыз жүйені болдырмау қатерін азайту үшін

Жад модулін компьютерден шығармас бұрын компьютерді өшіріңіз. Компьютер қосулы тұрғанда, ұйқы немесе күту күйінде болғанда, жад модулін шығарып алмаңыз.


Компьютердің өшірілген күйде, ұйқы күйінде немесе күту күйінде екені туралы сенімді болмасаңыз, қуат түймешігін басып, компьютерді амалдық жүйе арқылы өшіріңіз.

1. Жұмысты сақтап, компьютерді өшіріңіз.
2. Компьютерге жалғанған барлық сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
3. Компьютерді сыртқы қуат көзінен ажыратыңыз.
4. Босату ысырмасын **(1)** сырғытып, қатты диск қақпағын **(2)** алып тастаңыз.




5. Қызмет көрсету орнының есігін алыңыз.
 - a. Қызмет көрсету орны есігінің бұрандасын **(1)** алыңыз.

ә. Есікті (2) алып тастаңыз.



6. Батарея кабелін компьютерден ажыратыңыз.




7. Жад модулін ауыстыратын болсаңыз, бар жад модулін ажыратыңыз.

- а. Жад модулінің екі жағындағы ұстап тұратын қыстырғыштарды (1) тартып алыңыз.
Жад модулінің бұрыштарын жоғары қаратыңыз.

- ө. Жад модулінің жиектерінен ұстап **(2)**, одан кейін оны ұясынан сыртқа жайлап тартыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ: Жад модулінің зақымдану қатерін азайту үшін, оны жиектерінен ғана ұстаңыз. Жад модуліндегі бөліктерге тиіменіз. Шығарғаннан кейін жад модулін қорғау үшін, оны электрстатикалық ток өтпейтін контейнерге салыңыз.




- 8. Жаңа жад модулін енгізіңіз.


⚠ ЕСКЕРТУ: Жад модулінің зақымдану қатерін азайту үшін, оны жиектерінен ғана ұстаңыз. Жад модуліндегі бөліктерге қолыңызды тигізбеңіз және жад модулін қисайтпаңыз.

- a. Жад модулінің түйіскен жиектерін **(1)** жад модулі ұясының құлақшасына туралаңыз.
- ө. Жад модулі бөлімінің бетінен 45 градус бұрышта тұрғанда, модульді **(2)** басып ол жад модулінің ұясына отырғанша оны түсіріңіз.

6. Жад модулінің сол және оң жақ жиектеріне қысым бере отырып, жад модулін (3) төмен қарай жайлап, ұстап тұратын қыстырғыштар орнына түскенше, басыңыз.




9. Батарея кабелін компьютерге жалғаңыз.




10. Қызмет көрсету орнының есігіндегі бұранда тесіктерін компьютердегі тесіктермен туралаңыз, одан кейін есікті (1) компьютерге салыңыз.

11. Қызмет көрсету орны есігінің 6 бұрандасын (2) орындарына салыңыз.



12. Қатты диск қақпағындағы ілгектерді компьютердегі ойықтарға туралап, қақпақты орнына сырғытыңыз. Босату ысырмасы қақпақты оның орнына автоматты түрде орналастырады.



13. Сыртқы қуат көзіне қосыңыз және сыртқы құрылғыларды жалғаңыз.
14. Компьютерді қосыңыз.

6 Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру

- [Қалпына келтіру](#)
- [Қалпына келтіру құралын жасау](#)
- [Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру](#)
- [Мәліметтердің сақтық көшірмесін жасау және қалпына келтіру](#)

Компьютердің ақпаратты қорғауға және керек болғанда қалпына келтіруге көмектесетін амалдық жүйе және HP компаниясы ұсынған құралдар бар.


Бұл тарауда келесі тақырыптар туралы ақпарат беріледі:


- Қалпына келтіру дискілерінің жинағын немесе қалпына келтіру флэш-жадын жасау (HP Recovery Manager бағдарламалық құралының мүмкіндігі)
- Жүйені қалпына келтіру (қалпына келтіру бөлімінен, дискілерінен немесе флэш-жадынан)
- Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау
- Бағдарламаны немесе драйверді қалпына келтіру

Қалпына келтіру

Қатты диск ақаулығы орын алған жағдайда, жүйені бастапқы зауыттық күйіндегі қалпына келтіру үшін, HP Recovery Manager бағдарламалық құралын пайдаланып жасауға болатын қалпына келтіру дискілерінің жинағы немесе қалпына келтіру флэш-жады керек болады. HP компаниясы бағдарламалық құралды орнатқаннан кейін, қалпына келтіру дискілерінің жинағын немесе қалпына келтіру флэш-жадын жасау үшін, HP Recovery Manager құралын бірден пайдалануды ұсынады.


Егер қатты диск ақаулығынан басқа себептермен жүйені бастапқы қалпына келтіру керек болса, бұны қалпына келтіру дискілерін немесе қалпына келтіру флэш-жадын пайдаланбастан, HP қалпына келтіру бөлімі (тек таңдаулы үлгілерде) арқылы жасауға болады. Қалпына келтіру дискілерінің бар екенін тексеру үшін, **Пуск** (Бастау) түймешігін басып, **Компьютер** тармағын тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз да, **Управление** (Басқару) пәрменін, одан кейін **Управление дисками** (Дисктерді басқару) тармағын таңдаңыз. Егер қалпына келтіру бөлімі бар болса, қалпына келтіру дискісі терезедегі тізімде көрсетіледі.


 **ЕСКЕРТУ:** HP Recovery Manager (бөлім немесе дискілер/флэш-жад) бағдарламалық құралы зауытта орнатылған бағдарламалық құралдарды ғана қалпына келтіреді. Компьютермен берілмеген бағдарламалық құралды қолмен қалпына келтіру керек.

 **ЕСКЕРІМ:** Қалпына келтіру дискілері, егер қалпына келтіру бөлімі компьютерде болмаса, жеткізіледі.

Қалпына келтіру құралын жасау


HP компаниясы қатты дискінің ақаулығы орын алған жағдайда немесе компьютерді қалпына келтіру бөлімінің құралдарын пайдалану арқылы қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда, компьютерді бастапқы зауыттық күйіне келтіре атаныңызға сенімді болу үшін қалпына келтіру дискілерін немесе қалпына келтіру флэш-жадын жасауға кеңес береді. Бұл дискілерді немесе флэш-жадты компьютерді бірінші рет орнатқаннан кейін жасаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** HP Recovery Manager бағдарламалық құралы қалпына келтіру дискілерінің тек бір жинағын немесе бір қалпына келтіру флэш-жадын жасауға мүмкіндік береді. Бұл дискілерді немесе флэш-жадты қолданғанда сақ болып, оларды қауіпсіз жерде сақтаңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Егер компьютерде кірістірілген оптикалық диск жетегі болмаса, қалпына келтіру дискілерін жасау үшін қосымша сыртқы оптикалық диск жетегін (бөлек сатылады) пайдалана аласыз немесе компьютерге арналған қалпына келтіру дискілерін HP веб-торабынан сатып алуға болады. Егер сыртқы оптикалық диск жетегі пайдаланылса, ол USB концентраторы сияқты сыртқы құрылғыдағы USB портына емес, компьютердегі USB портына жалғануы тиіс.

Нұсқаулар:

- Сапасы жоғары DVD-R, DVD+R, DVD-R DL немесе DVD-R DL дискілерін сатып алыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** CD-RW, DVD±RW, қос қабатты DVD±RW дискілері және BD-RE (жазылатын Blu-ray) дискілері сияқты оқу-жазу дискілері HP Recovery Manager бағдарламалық құралымен үйлеспейді.

- Бұл үрдіс барысында компьютер айнаымалы ток қуат көзіне жалғанған болуы қажет.
- Бір компьютерде қалпына келтіру дискілерінің тек бір жинағын немесе бір қалпына келтіру флэш-жадын жасауға болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Қалпына келтіру дискілерін жасау кезінде, әрбір дискіні оптикалық жинақтағыш дискісіне салмай тұрып нөмірлеңіз.

- Егер қажет болса, қалпына келтіру дискілерінің немесе қалпына келтіру флэш-жадының жасалуы аяқталғанша бағдарламадан шығуға болады. HP Recovery Manager бағдарламалық құралын келесіде ашқанда, сақтық көшірме жасау процесін жалғастыру ұсынылады.

Қалпына келтіру дискілерінің жинағын немесе қалпына келтіру флэш-жадын жасау үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > HP Recovery Manager > HP Recovery Media Creation (HP қалпына келтіру дискісін жасау) тармақтарын таңдаңыз.**
2. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру

HP Recovery Manager бағдарламалық құралы компьютерді оның бастапқы зауыттық күйіне келтіруге мүмкіндік береді. Recovery Manager бағдарламалық құралы қалпына келтіру дискілерінен, қалпына келтіру флэш-жадынан немесе қатты дискідегі арнайы қалпына келтіру бөлімінен (тек таңдаулы үлгілерде) жұмыс істейді.



ЕСКЕРІМ: Жүйені қалпына келтіру компьютердің қатты дискісінде ақаулық орын алған жағдайда немесе компьютердің қызмет ету мәселелерін шешу әрекеттері нәтиже бермегенде орындалуы тиіс. Жүйені қалпына келтіруді компьютер мәселелерін шешудің ең соңғы әрекеті ретінде пайдаланған жөн.

Жүйені қалпына келтіруді жүзеге асыру кезінде келесі мәліметтерді ескеріңіз:

- Бұрын сақтық көшірмесі жасалған жүйені ғана қалпына келтіруге болады. HP компаниясы компьютеріңізді орнатқаннан кейін қалпына келтіру дискілерінің жинағын немесе қалпына келтіру флэш-жадын жасау үшін HP Recovery Manager бағдарламалық құралын пайдалануды ұсынады.
- Windows жүйесінде Жүйені қалпына келтіру сияқты жөндеу мүмкіндіктері бар. Егер бұл мүмкіндіктерді әлі сынап көрмесеңіз, HP Recovery Manager құралын пайдаланбас бұрын оларды сынап көріңіз.
- HP Recovery Manager бағдарламасы тек зауытта орнатылған бағдарламалық құралдарды қалпына келтіреді. Осы компьютермен қамтамасыз етілмеген бағдарламалық құралдарды өндірушінің веб-торабынан жүктеу немесе өндіруші қамтамасыз еткен дискіден қайта орнату қажет.

Арнайы қалпына келтіру бөлімі арқылы қалпына келтіру (тек таңдаулы үлгілерде)

Арнайы қалпына келтіру бөлімін пайдалану кезінде суреттердің, музыканың және басқа да аудио файлдардың, бейнелердің, фильмдердің, жазылған теледидар шоуларының, құжаттардың, электрондық кестелердің, көрмелердің, электрондық пошта хабарларының, Интернеттегі таңдаулы элементтердің және параметрлердің сақтық көшірмесін жасауға болады.

Компьютерді бөлімнен қалпына келтіру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. HP Recovery Manager бағдарламасын төмендегі жолдармен іске қосыңыз:
 - **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > HP > HP Recovery Manager > HP Recovery Manager** тармағын таңдаңыз.
– немесе –
 - Компьютерді қосыңыз немесе өшіріп, қайта іске қосыңыз және экранның төменгі жағында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетіліп тұрғанда, **esc** пернесін басыңыз. «F11 (System Recovery)» (F11 (Жүйені қалпына келтіру)) хабары экранда көрсетілгенде **f11** пернесін басыңыз.
2. HP Recovery Manager терезесінде **System Recovery** (Жүйені қалпына келтіру) параметрін таңдаңыз.
3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қалпына келтіру құралынан қалпына келтіру

1. Мүмкін болса, барлық жеке файлдардың сақтық көшірмесін жасаңыз.
2. Бірінші қалпына келтіру дискісін компьютердегі оптикалық диск жетегіне немесе қосымша сыртқы оптикалық диск жетегіне енгізіңіз, одан кейін компьютерде қайта бастаңыз.

– немесе –

Қалпына келтіру флэш-жадын компьютердің USB портына салып, компьютерді қайта іске қосыңыз.



ЕСКЕРІМ: Компьютер HP Recovery Manager бағдарламалық құралын автоматты түрде қайта қоспаса, компьютердің жүктелу тәртібі өзгертілуі тиіс. Толық ақпаратты [Компьютердің жүктелу тәртібін өзгерту 56-бетте](#) бөлімінен қараңыз.

3. Жүйені бастау кезінде **f9** пернесін басыңыз.
4. Оптокалық дискіні немесе флэш-дискіні таңдаңыз.
5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Компьютердің жүктелу тәртібін өзгерту

Қалпына келтіру дискілерінің жүктелу тәртібін өзгерту үшін төмендегі әрекеттерді орындаңыз:

1. Компьютерді қайта іске қосыңыз.
2. Компьютер қайта іске қосылып жатқанда **esc** пернесін басып, жүктелу параметрлерін ашу үшін **f9** пернесін басыңыз.
3. Жүктелу параметрлері терезесінен **Internal CD/DVD ROM Drive** (Ішкі CD/DVD диск жетегі) тармағын таңдаңыз.


Қалпына келтіру флэш-дискісін бастау ретін өзгерту үшін, мына әрекеттер орындаңыз:

1. Флэш-жадты USB портына жалғаңыз.
2. Компьютерді қайта іске қосыңыз.
3. Компьютер қайта іске қосылып жатқанда **esc** пернесін басып, жүктелу параметрлерін ашу үшін **f9** пернесін басыңыз.
4. Жүктелу параметрлері терезесінен флэш-жадты таңдаңыз.

Мәліметтердің сақтық көшірмесін жасау және қалпына келтіру


Файлдардың сақтық көшірмесін жасау және барлық жаңа бағдарламалық құралдарды қауіпсіз жерде сақтау өте маңызды болып табылады. Жаңа бағдарламалық құралдар және деректер файлдары қосылған сайын, сақтық көшірмелерді жүйелі түрде жасауды жалғастырыңыз.

Жүйенің қаншалықты толық қалпына келтіруін жасау мүмкіндігі сақтық көшірме соңғы рет қашан жасалғанына байланысты болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Ең соңғы сақтық көшірмеден қалпына келтіру компьютерге вирустық шабуыл жасалған немесе жүйе құрамдас бөліктерінің елеулі ақаулығы орын алған жағдайда жасалуы тиіс. Компьютер ақаулықтарын түзету үшін, жүйені қалпына келтіру әрекетіне кіріспес бұрын қалпына келтіруді орындауға тырысыңыз.

Ақпараттың сақтық көшірмесін қосымша сыртқы қатты диск, желілік диск немесе дискілерде жасауға болады. Мына жағдайларда жүйенің сақтық көшірмесін жасаңыз:

- Жүйелі жоспарланған кесте бойынша

 **КЕҢЕС:** Мәліметтердің сақтық көшірмесін жүйелі түрде жасау үшін еске салғышты орнатыңыз.

- Компьютер жөнделмес немесе қалпына келтірілмес бұрын
- Жабдықты немесе бағдарламалық құралды қоспас немесе өзгертпес бұрын

Нұсқаулар:

- Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелерін Windows® жүйесін қалпына келтіру мүмкіндігін пайдалану арқылы жасаңыз және оларды оптикалық дискіге немесе сыртқы қатты дискіге жүйелі түрде көшіріңіз. Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелерін пайдалану туралы қосымша ақпаратты [Windows жүйесін бастапқы қалпына келтіру нүктелерін пайдалану 58-бетте](#) бөлімінен қараңыз.
- Жеке файлдарды құжаттар кітапханасында сақтаңыз да, бұл қалтаның сақтық көшірмесін жүйелі түрде жасаңыз.
- Бейімделген параметрлерді терезеде, құралдар тақтасында немесе мәзір жолында параметрлеріңіздің экран суретін жасау жолымен сақтаңыз. Параметрлерді қалпына келтіру қажет болған кезде экран суреті уақытыңызды үнемдеуі мүмкін.

Экран суретін жасау үшін, мына әрекеттер орындаңыз:

1. Сақталатын экранды ашыңыз.
2. Экран суретін көшіріңіз.
Тек белсенді терезені көшіріп алу үшін, **alt+prt sc** пернелер тіркесімін басыңыз.
Экранды толық көшіру үшін, **prt sc** пернесін басыңыз.
3. Мәтіндерді өңдеу құжатын ашып, **Правка (Өңдеу) > Вставить (Қою)** пәрменін таңдаңыз. Экран суреті құжатқа қосылады.
4. Құжатты сақтап, басып шығарыңыз.

Windows жүйесінің сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру мүмкіндігін пайдалану

Нұсқаулар:

- Сақтық көшірме жасау үрдісін бастамас бұрын компьютердің айнымалы ток көзіне жалғанғанын тексеріңіз.
- Сақтық көшірме жасау үрдісін аяқтауға қажет уақыт беріңіз. Файлдар өлшемдеріне байланысты оған бір сағаттай уақыт алуы мүмкін.

Сақтық көшірме жасау үшін

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Резервное копирование и восстановление** (Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру) тармақтарын таңдаңыз.
2. Сақтық көшірме жасалуын жоспарлау және жүзеге асыру үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



ЕСКЕРІМ: Windows® жүйесі компьютердің қауіпсіздігін жақсарту үшін пайдаланушы жазбасын басқару мүмкіндігін қамтиды. Бағдарламалық құралды орнату, утилиталарды іске қосу немесе Windows параметрлерін өзгерту сияқты тапсырмаларды орындау үшін сізден рұқсат немесе құпия сөз сұралуы мүмкін. Қосымша ақпаратты Анықтама және қолдау орталығынан қараңыз.

Windows жүйесін бастапқы қалпына келтіру нүктелерін пайдалану

Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктесі қатты дискінің суретін белгілі бір сәтте сақтауға және атын беруге мүмкіндік береді. Егер енгізілген өзгертулердің күшін болдырмауды қаласаңыз, осы нүктеге дейін қалпына келтіре аласыз.



ЕСКЕРІМ: Бұрынғы қалпына келтіру нүктелеріне қайтару бастапқы қалпына келтіру нүктесі соңғы рет жасалғаннан бері сақталған деректер файлдарына немесе жасалған электрондық пошта хабарламаларына әсер етпейді.

Сонымен қатар, файлдар мен параметрлерді жоғары деңгейде қорғау үшін бастапқы қалпына келтірудің қосымша нүктелерін жасай аласыз.

Бастапқы қалпына келтіру нүктелерін жасау уақыты

- Бағдарламалық құралды немесе жабдықты қоспас немесе өзгертпес бұрын
- Мерзімді түрде, компьютер тиімді түрде жұмыс істеп отырған кезде

Жүйені қалпына келтіру нүктесін жасау

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Система** (Жүйе) тармақтарын таңдаңыз.
2. Сол жақ тақтадан **Защита системы** (Жүйені қорғау) тармағын таңдаңыз.
3. **Защита системы** (Жүйені қорғау) қойындысын ашыңыз.
4. **Создать** (Жасау) түймешігін басыңыз.
5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Алдыңғы күнге және уақытқа дейін қалпына келтіру

Бастапқы қалпына келтіру нүктесіне (алдыңғы күні мен уақытта жасалған) компьютер тиімді түрде жұмыс істеген кезде қайтару үшін төмендегі қадамдар орындаңыз:

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Система** (Жүйе) тармақтарын таңдаңыз.
2. Сол жақ тақтадан **Защита системы** (Жүйені қорғау) тармағын таңдаңыз.
3. **Защита системы** (Жүйені қорғау) қойындысын ашыңыз.
4. **Восстановление системы** (Жүйені қалпына келтіру) түймешігін басыңыз.
5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



ЕСКЕРІМ: Егер жүйені қалпына келтіру нүктесіне қайтарып, одан кейін шешіміңізді өзгертсеңіз, қалпына келтірудің күшін жоюға болады.

7 Тұтынушыларды қолдау


Төмендегі бөлімдер осы тарауда қамтылған:

- [Тұтынушыларға қолдау көрсету қызметімен байланысу](#)
- [Жапсырмалар](#)

Тұтынушыларға қолдау көрсету қызметімен байланысу


Осы пайдаланушы нұсқаулығындағы *HP ноутбугының анықтамалық нұсқаулығы* немесе Анықтама және қолдау бөлімдеріндегі ақпарат сұрақтарыңызға жауап бермесе, HP тұтынушыларды қолдау орталығына келесі телефондар арқылы хабарласуға болады:

<http://www.hp.com/go/contactHP>

 **ЕСКЕРІМ:** Бүкіл әлем бойынша қолдау алу үшін беттің сол жағындағы **Contact HP worldwide** (HP компаниясымен бүкіл әлем бойынша хабарласу) тармағын таңдаңыз немесе http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html торабына кіріңіз.

Бұл жерде сізде мынадай мүмкіндіктер болады:

- HP маманымен желіде тікелей тілдесу.


 **ЕСКЕРІМ:** Белгілі бір тілде техникалық қолдауға байланысты сөйлесу мүмкін болмаса, ағылшын тілін пайдалануға болады.

- HP тұтынушыларды қолдау орталығына электрондық хат жіберу.
- HP Тұтынушыларды қолдау орталығының ғаламдық телефон нөмірлерін табу.
- HP қызмет көрсету орталығының мекенжайын анықтау.

Жапсырмалар

Компьютерге жапсырылған жапсырмалар жүйе ақаулықтарын жойғанда немесе компьютер алып шетелге саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін.

- Сериялық нөмірі жапсырмасы—мыналарды қоса маңызды ақпаратты қамтиды:



Бөлік

| | |
|-----|--------------------------------|
| (1) | Өнім атауы |
| (2) | Сериялық нөмірі (с/н) |
| (3) | Бөлік нөмірі/өнім нөмірі (p/n) |
| (4) | Кепілдік күшінің мерзімі |
| (5) | Модель сипаттамасы |

Техникалық қолдау орталығына хабарласқан кезде осы ақпарат қол жетімді болуы қажет. Сериялық нөмірі бар жапсырма батарея ұясында орналасады.

- Microsoft® түпнұсқалық туралы куәлігі - Windows өнім кілті туралы ақпаратты қамтиды. Өнім кілті амалдық жүйені жаңарту немесе ақаулықтарын жою үшін қажет болуы мүмкін. Microsoft түпнұсқалық туралы куәлігі компьютердің түбінде орналасқан.
- Техникалық деректер жапсырмасы — компьютер туралы техникалық ақпаратты береді. Нормативтік ақпараты бар жапсырма қатты диск ұясында орналасады.
- Сымсыз куәландыру белгісі немесе белгілер (тек таңдаулы үлгілерде) — қосымша сымсыз құрылғылар туралы және құрылғылар қолдану үшін бекітілген кейбір мемлекеттер мен аймақтардың мақұлдау таңбаларын береді. Компьютерде бір немесе бірнеше сымсыз құрылғылар болса, бір немесе бірнеше куәландыру белгісі компьютермен бірге беріледі. Бұл ақпарат шетелге саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін. Сымсыз куәлік беру жөніндегі жапсырмалар қатты диск орнында орналасқан.

8 Техникалық сипаттамасы

- [Тұтынылатын қуат](#)
- [Жұмыс ортасы](#)

Тұтынылатын қуат

Егер сіз компьютерді алып, халықаралық саяхат жасауды жоспарласаңыз, осы бөлімде берілген қуат туралы ақпарат пайдалы болуы мүмкін.


Компьютер айнымалы немесе тұрақты ток көзінен келетін тұрақты ток арқылы жұмыс істейді. Айнымалы ток көзі 100–240 В, 50–60 Гц шамасында болуы керек. Компьютер бөлек тұрақты ток көзінен жұмыс жасаса да, ол тек HP компаниясы берген және осы компьютерге қолдану үшін ұсынған айнымалы ток адаптері немесе тұрақты ток көзіне қосылуы керек.


Компьютерді төмендегі техникалық параметрлер ішінде тұрақты ток қуат көзі арқылы қуатпен қамтамасыз етуге болады.

| Тұтынылатын қуат | Мөлшер |
|-------------------------|---|
| Жұмыс кернеуі және тогы | 19,5 В (тұрақты ток) болғанда 6,15 А - 120 Вт |

Сыртқы HP қуат блогының тұрақты ток ашасы



 **ЕСКЕРІМ:** Бұл құрылғы Норвегиядағы фазааралық кернеуінің орташа квадраттық мәні 240 В-тан аспайтын ақпараттық технологиялар электр жүйелеріне арналған.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютердің жұмыс кернеуі мен тогы туралы ақпаратты техникалық деректер жапсырмасынан табуға болады.

Жұмыс ортасы

| Фактор | Метрикалық өлшемдер жүйесі | АҚШ-та пайдаланылатын өлшемдер жүйесі |
|--|-----------------------------------|---------------------------------------|
| Температура | | |
| Пайдалануға болатын | 5 - 35°C | 41 - 95°F |
| Пайдалануға болмайтын | -20°C пен 60°C арасында | -4°F пен 140°F арасында |
| Салыстырмалы ылғалдылық (конденсанцияланбайтын) | | |
| Пайдалануға болатын | 10 - 90% | 10 - 90% |
| Пайдалануға болмайтын | 5 - 95% | 5 - 95% |
| Ең жоғары биіктік (қысымсыз) | | |
| Пайдалануға болатын | -15 м мен 3048 м арасында | -50 фут пен 10000 фут арасында |
| Жұмыссыз режимде | -15 м мен 12192 м арасында | -50 фут пен 40000 фут арасында |

Индекс

А

Айнымалы ток адаптерінің шамы 20
амалдық жүйе
Microsoft түпнұсқалық туралы куәлігінің жапсырмасы 61
Өнім кілті 61
Анықтама және қолдау пернесі 28
арнайы қалпына келтіру бөлімі арқылы қалпына келтіру 55
аудио кіріс (микрофон) ұясы 21
аудио шығыс (гарнитура) ұясы 21
ауыспалы графикалық режимдер 8

Ә

әрекет пернелері
анықтау 17
пайдалану 28
әрекеттер пернелері
Анықтама және қолдау орталығы 28
оптикалық дискіні шығару 29
сәулеленетін жарықтандырғышы бар пернетақта 29
сымсыз байланыс 29
экран жарықтығы 28, 29
экран кескінін ауыстырып қосу 29

Б

бастапқы қалпына келтіру нүктелері 58
батарея, ауыстыру 36
босату ысырмасы 23

бөліктер

алдыңғы жағы 18
дисплей 22
жоғарғы 14
оң жағындағы 19
сол жағындағы 21
түбіндегі 23
бір үлкен бейне 10

В

веб-камера, анықтау 22
веб-камера шамы, анықтау 22

Г

гарнитура ұясы 21
графикалық режимдер, ауысу 8

Д

дискілер, қатты 39, 44
дөңгелек, дыбыс деңгейі 19
дыбыс деңгейін күшейту дөңгелегі, анықтау 2, 19
дыбысты өшіру түймешігі, анықтау 16
дыбысты өшіру шамы, анықтау 15

Ж

жад модулі
ауыстыру 47
салу 49
шығарып алу 48
жад модулі бөлімі, анықтау 23
жақындау сенсоры 7, 22
жапсырмалар
Bluetooth 61
Microsoft түпнұсқалық туралы куәлігі 61
WLAN 61

нормативтік 61

сериялық нөмір 61
сымсыз куәлік 61
желдеткіштер, анықтау 23
желі ұясы, анықтау 19
жұмыс ортасы 64
жүйені бастапқы қалпына келтіруді пайдалану 58
жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелері 58
жүйені қалпына келтіру арнаулы қалпына келтіру бөлімін пайдалану 55
қалпына келтіру дискілерін пайдалану 56
орындау 54

И

Интернет байланысын орнатқыш 26
Интернет провайдері, пайдалану 25

К

компьютерді сапарға алып шығу 61
коннектор, қуат 20
көрсетілетін кескін, ауыстырып көрсету 29
кірістірілген веб-камера шамы, анықтау 22
кірістірілген сандық пернетақта, анықтау 17, 30

Қ

қалпына келтіру, жүйе арнаулы қалпына келтіру бөлімін пайдалану 55

қалпына келтіру дискілерін пайдалану 56
орындау 54
қалпына келтіру дискілері 54
қалпына келтіру дискілері арқылы қалпына келтіру 56
қатты диск
орнату 39, 44
шығарып алу 37, 42
қатты диск қақпағы, анықтау 23
қатты диск орны 61
қатты диск шамы 19
қауіпсіздік кабелінің ұясы, анықтау 21
қолдау көрсетілетін дискілер 54
қуат коннекторы, анықтау 20
қуат түймешігі, анықтау 16
қуат шамдары, анықтау 15, 19
қызмет көрсету орнының есігі анықтау 23
шығарып алу 48

М

меңзегіш құрылғы, параметрлерді орнату 31
микрофон ұясы 21

Н

нормативтік ақпарат
нормативтік ақпараты бар жапсырма 61
сымсыз куәландыру белгілері 61

О

оптикалық диск жетегі, анықтау 21
оптикалық диск жетегін шығару пернесі, анықтау 29

Ө

өнім аты және нөмірі, компьютер 61
Өнім кілті 61

П

пернелер
esc 17
fn 17
num lock 17
Windows қолданбалары 17

Windows логотипі 17
әрекет 17
пернетақта, кірістірілген 17, 30
пернетақта
жарықтандырғышының әрекет пернесі 29
порттар
HDMI 19
USB 2.0 19
USB 3.0 19, 21

С

сабвуфер, анықтау 23
сақтық көшірме жасау жеке файлдар 57
өзгертілмелі терезе, құралдар тақтасы және мәзір жолы параметрлері 57
Сандық медиа ұясы, анықтау 19
сәулеленетін жарықтандырғышы бар пернетақта 7
сериялық нөмір, компьютер 61
сериялық нөмірі жапсырмасы 61
сымсыз байланыс пернесі, анықтау 29
сымсыз байланыс шамы 15
сымсыз желі, жалғану 25
сымсыз желі (WLAN)
қажет жабдық 26
қорғау 27
қосылу 26
сымсыз жол жоспарлағыш, параметрлерді реттеу 27
сымсыз куәландыру белгісі 61
сымсыз қосылыстардың орнатуы 26
Сыртқы HP қуат блогының тұрақты ток ашасы 63

Т

тұтынылатын қуат 63
түймешіктер 16
Beats Audio 16
Imagerpad қосу/өшіру 14
дыбысты өшіру 16
оң жақ Imagerpad 15
сол жақ Imagerpad 15

Түпнұсқалық туралы куәліктің жапсырмасы 61
тінтуір, сыртқы
басым параметрлерді орнату 31

Ұ

ұялар
RJ-45 (желі) 19
гарнитура 21
қауіпсіздік кабелі 21
микрофон 21
Сандық медиа ұясы 19
ұялар, қатты диск 23, 61

Ү

үндеткіштер, стерео, анықтау 16, 18

Ш

шамдар
caps lock 15
Imagerpad 14, 15
Айнымалы ток адаптері 20
веб-камера 22
дыбысты өшіру 15
қатты диск 19
қуат 15, 19
сымсыз 15

Ы

ысырма, босату 23

І

ішкі дисплей қосқышы, анықтау 22
ішкі микрофондар, анықтау 22

Э

экран жарықтығы пернелері 29
экран кескіні, ауыстырып қосу 29

А

AMD Catalyst Control Center 10
AMD Eyefinity 9

В

Beats Audio 3, 16
Beats Audio басқару тақтасы 3
Beats Audio жылдам пернесі 4

Beats Audio түймешігі 3
Bluetooth жапсырмасы 61

C

caps lock шамы, анықтау 15
CoolSense 8

D

DisplayPort, анықтау 19

E

esc пернесі, анықтау 17
Eyefinity 9

F

f11 55
fn пернесі, анықтау 17

H

HDMI порты, анықтау 19
HP Recovery Manager 54
HP Triple Bass Reflex сабвуфері 23
HP TrueVision ажыратымдылығы жоғары веб-камерасы 22
HP Wireless Audio Manager (HP Wireless Audio реттеушісі) 5

I

Imagerad
анықтау 14
пайдалану 32
таңдау 33
түймешіктер 15
шарлауы 33
Imagerad аймағы, анықтау 15
Imagerad қимылдары
айналдыру 35
жылжу 34
масштабтау 34
сызу 35
шымшу 34
Imagerad қосу/өшіру түймешігі 14
Imagerad тақтасының
айналдыру қимылы 35
Imagerad тақтасының жылжу қимылы 34
Imagerad тақтасының
масштабтау қимылы 34

Imagerad тақтасының сызу қимылы 35
Imagerad тақтасының шымшу қимылы 34
Imagerad шамы 14, 15
Intel Smart Connect технологиясы 6
Intel сымсыз дисплейі 8

M

Microsoft түпнұсқалық туралы куәлігінің жапсырмасы 61

N

num lock пернесі 17

R

RJ-45 (желі) ұясы, анықтау 19

U

USB 2.0 порттары, анықтау 19
USB 3.0 порты, анықтау 19, 21

W

Windows қолданбалар пернесі, анықтау 17
Windows логотипі бар перне, анықтау 17
Wireless Audio 5
WLAN
қажет жабдық 26
қорғау 27
қосылу 26
WLAN антенналары, анықтау 22
WLAN жапсырмасы 61
WLAN жүйесін орнату 26
WLAN құрылғысы 61

